



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

382 № 2024 жылдың 24 ғазан

Астана қаласы

город Астана

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ғылыми-техникалық  
кеңес туралы Ережені бекіту туралы және «Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігінің ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және  
тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жобаларын қарау жөніндегі  
ғылыми-техникалық кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің 2023 жылғы  
29 желтоқсандағы № 493 бүйрүғының күші жойылды деп тану туралы

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы  
Заңының 7-бабының 3) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика  
Министрлігінің ғылыми-техникалық кеңес туралы Ереже бекітілсін.
2. Күші жойылды деп танылсын:
  - 1) «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ғылыми-зерттеу,  
ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының  
жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңес құру туралы» Қазақстан  
Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 493  
бүйрүғы;
  - 2) «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ғылыми-зерттеу,  
ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының  
жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңесін құру туралы» Қазақстан  
Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 493  
бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің міндетін атқарушы 2024 жылғы 2 мамырдағы № 183  
бүйрүғы.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Цифрландыру  
департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бүйрүкқа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның  
көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Энергетика міністерлігінің  
міндеттін атқарушы**



  
**Ә. Жамауов**